

ШҚО МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР КІТАПХАНАСЫ» КММ

Ақпараттық-библиографиялық орталық



**«БАҚЫТТЫМЫН
БҰРЫНҒЫ БАР
АҚЫННАН»
(КӨПЕН ЕРҚАСОВТЫҢ
өмірі мен шығармашылығы)**



9-11 сынып оқушыларына арналған

Digest

Өскемен қаласы, 2018



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

Ардақты оқырман! Назарларыңызға, шырайлы шығыстың Марқакөл өңірінде дүниеге келіп, жалынды жырларымен ел құрметіне бөленіп жүрген ақын, журналист **КӨПЕН ЕРҚАСОВТЫҢ** өмірі мен шығармашылығына арналған дайджесті ұсынамыз.

Көпен Ерқасов - Марқакөл өңірінің жыршысы ғана емес, тәуелсіздік таңы туа сала сол өңірдегі ауылдардың қазақша атауын қалпына келтіруге ат салысқан, тіл мәселесін көтерген ұлтжанды азамат. Бірнеше жыр жинақтарының авторы.

Бір ғана дайджесте ақын шығармашылығымен түгелдей таныстыру мүмкін емес. Сондықтан оқырмандарды ақынның қысқаша өмірбаянымен таныстыра отырып, оның кітапхана қорындағы шығармалары мен мерзімді басылымдарда жарияланған мақалаларының тізімін ұсынамыз.

Жас ұрпақты өніріміздің белгілі тұлғасымен таныстыру мақсатында құрастырылған **«БАҚЫТТЫМЫН БҰРЫНҒЫ БАР АҚЫННАН»** атты дайджест 9-11 сынып оқушыларына арналған.

Осы дайджест бойынша ұсыныс-пікірлеріңіз болса, төмендегі мекен-жайға хабарласуларыңызға болады:

*Өскемен қаласы,
Космическая көшесі, 6/2
ШҚ облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы,
Ақпараттық-библиографиялық орталық.*

ӨМІРБАЯНЫ мен ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Ақын, журналист, аудармашы **КӨПЕН ЕРҚАСОВ** 1952 жылы 4-ші қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Күршім (бұрынғы Марқакөл) ауданының Тесікүя ауылында дүниеге келді. Осы өңірдің Ақбұлақ ауылында ержетті. 1969 жылы Өскемен ауылшаруашылық техникумының зоотехния бөлімін, 1979 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді.



Қазақ елінің тәуелсіздігі мен бостандығын жырға қоса отырып, өзінің кемеліне келген көркемсөз шебері екенін дәлелдей түскен ақын өлеңдері Марқакөл аудандық «Шамшырақ», облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар», «Лениншіл жас» (Жас Алаш), «Тіл мен діл» «Ертіс өңірі», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Жұлдыз», «Ақ Ертіс», «Шолпан» журналдарында жарияланған.

Алғашқы өлеңі 1984 жылы Алматыдан шыққан жас ақындардың «Қарлығаш» ұжымдық жинағында, 1988 жылы «Төрткүл дүние» жыр жинағында жарияланды. 2004 жылы Өскеменде «Ағажай Алтай» атты жеке жыр кітабы жарық көрді.

2005 жылы өлеңдері Шығыс Қазақстан облысы ақын-жазушыларының «Алтай әуендері» атты хрестоматиясында жарияланды. 2006 жылы «Жүректегі жазулар» деген жыр кітабы Шымкентте жарық көрді. 2007 жылы облыстық мәдениет басқармасы жариялаған «Әдеби үрдістің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі үшін» сайысының поэзия номинациясы бойынша сыйлығын алды.

Ақын шығармашылығының басты тақырыбы – туған жер, атамекен. Ақын өлеңдерін оқи отырып, оның туған жерге деген

перзенттік сезімі сыршыл ырғақтармен, әсем әуезбен көмкеріліп өлең болып құйылғанының куәсі боласыз.

Даналыққа толы шығыс поэзиясының жұпар иісі аңқыған ақын ғазалдары, рубаяттары өз алдына бір төбе. Лирикалық өлеңдерімен қатар жыр, терме, толғау, поэма сияқты көлемді дүниелерге қалам тербеген ақын шығармашылығы жан-жақты.

Көркем аударма саласында табысты еңбек еткен ақын А.С. Пушкиннің, С.Есениннің өлеңдерін, мәскеулік жазушы В. Губаревтің «Сталиннің дачасы» спектаклін қазақ тілінде сөйлеткен.

Өзі ақын, өзі журналист, өзі әнші, сегіз қырлы, бір сырлы Көпен Ерқасов - Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Ерқасов Көпен шығармалары:

Кітаптары:

Ерқасов, К. Ағажай Алтай [Мәтін] / К. Ерқасов. - Өскемен, 2004. - 186 б.

Ерқасов, К. Ақбұлақ [Мәтін] / К. Ерқасов. - Өскемен: Шығыс-Полиграф, 2011. - 498 б.

Ерқасов, К. Ақнайман қырылған [Мәтін] / К. Ерқасов. - Өскемен: Шығыс-Полиграф, 2011. - 252 б.

Ерқасов, К. Жолжелкен [Мәтін] / К. Ерқасов. - Өскемен, 2010. - 298 б.

Ерқасов, К. Марқакөл маржандары [Мәтін] / К. Ерқасов - Алматы: Қазақпарат, 2003. - 180 б.



Ерқасов, К. Самғау [Мәтін]: өлеңдер, поэмалар мен эсселер жинағы / К. Ерқасов. - Өскемен: Шығыс Полиграф, 2017. - 340 б.

Ерқасов, К. Іңкәр дүние [Мәтін]: [өлеңдер жинағы] / К. Ерқасов. - Өскемен: Шығыс Полиграф, 2013. - 268 б.

Мерзімді басылымдар мен жинақтардағы мақалалары:

Ерқасов, К. Ақнайман қырылған [Мәтін]: [Нәубет жылдары Қытай асуға бел буған ақнайман көші қызылдардың жаңбырша жауған пулемет оғынан түгелдей жер құшқаны жайлы] / К. Ерқасов // Дидар. - 2011. - 7 шілде. - Б. 5.; 9 шілде. - Б. 7.

Ерқасов, К. Бижігіт би [Мәтін]: [Қара Ертіс аймағында билік құрған Солтанкелді батырдың бесінші ұрпағы Бижігіт туралы] / К. Ерқасов // Дидар. - 2014. - 13 қараша. - Б. 15.

Ерқасов, К. Бір тамшы жас қой бұл өмір... [Мәтін]: [ақынның бірнеше өлеңі жарияланған] / К. Ерқасов // Жұлдыз. - 2015. - №10. - Б. 29-31.

Ерқасов, К. Егемен болдық, ел болдық [Мәтін]: [Қазақстан егемендігі туралы өлең] / К. Ерқасов // Дидар. - 2000. - 4 сәуір. - Б. 5.

Ерқасов, К. Көрермендерін күлкіге кенелтіп кетті [Мәтін]: [Марқа өңірінің өнер тарландары туралы] / К. Ерқасов // Дидар. - 2015. - 10 сәуір. - Б. 18-19.

Ерқасов, К. Марқакөл [Мәтін]: [Марқакөл туралы өлең] / К. Ерқасов // Дидар. - 2000. - 4 сәуір. - Б. 5.

Ерқасов, К. Мұқағали мұң шаққан Фариза қыз [Мәтін]: [ақын Фариза Оңғарсыноваға арналған өлең] / К. Ерқасов // Дидар. - 2014. - 3 ақпан. - Б. 5.

Ерқасов К. Не жетеді туған жер келбетіңе! [Мәтін]: [Марқакөл пейзажы; Жылдың төрт мезгілі туралы өлеңдері] / К. Ерқасов // Таң-Шолпан. - 2006. - № 3. - Б. 9-13.

Ерқасов Қ. [Өлеңдер] [Мәтін] / Қ. Ерқасов // Шығыс Қазақстан қаламгерлерінің кітапханасы = Библиотека

литературы Восточного Казахстана. - [2-ші кітап]. - Алматы: ҚазАқпарат, 2008. - Б. 246-326.

КӨПЕН ЕРҚАСОВ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР:

Кітаптардан:



Ерқасов, К. // Шығыс Қазақстан қаламгерлерінің кітапханасы = Библиотека литературы Восточного Казахстана [Мәтін]. - [2-ші кітап]. - Алматы, 2008. – Б. 245. - (Алтын тамыр).

Ерқасов, К. // Қазақстан жазушылары [Мәтін] : анықтамалық / жауапты ред. Б. Шаханұлы. - Алматы, 2009. -Б. 141.

Ерқасов, К. // Шығыс Қазақстан облысы [Мәтін] : энциклопедия. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2014. - 848 б. - Ерқасов Көпен: б. 329.

Мерзімді басылымдардан

Ол туралы:


Қаңтарбай, Ә. Ақын болып туудан артық бақыт жоқ [Мәтін] / Ә. Қаңтарбай // Дидар. - 2017. - 30 наурыз (№35). - Б. 27.



Қаңтарбаев, Ә. Көпенде күрсініс көп [Мәтін]: [Жерлесіміз Көпен Ерқасовтың жаңа кітабы жарық көрді] / Ә. Қаңтарбаев // Дидар. - 2005. - 15 қаңтар. - Б. 6.


Байбатыров, Ғ. Өмірін өлеңмен өрнектеген [Мәтін]: [Ақын, журналист, аудармашы Көпен Ерқасов туралы] / Ғ. Байбатыров // Өскемен. - 2012. - 26 сәуір. - Б. 22.

Digest



*«Бақыттымын бұрынғы бар ақыннан» [Мәтін]:
дайджест / құраст.: Ж. Н. Буханова. – Өскемен: ОБЖК,
2018. – 9 б.*

Көпен Ерқасовтың өмірі мен шығармашылығы.



**Құрастырған және
компьютерде өңдеген: Ж.Н.Буханова**

Жоғары дәрежелі библиограф

Жауапты:

К.Б.Мукашева

Кітапхана директоры

Тексерген:

А.Н.Абдакерова

Кітапхана аудармашысы